

Қ. Жұмабекұлы 

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері,
PhD докторы, Алматы, Қазақстан
e-mail: kuanysh.zhumabekov@mail.ru

ҚАРАХАНИД ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКІ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖАНУАРЛАРДЫҢ АТАУЛАРЫ КЕЗДЕСЕТІН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Аннотация: Мақалада құрылымы жағынан өте ұқсас, мәндік-семантикалық тұрғысынан жақын жануарлардың атаулары кездесетін 23 мақал-мәтел және құрамындағы кейбір сөздері ауысқанымен бір-біріне мағыналық жағынан ұқсайтын жануарлардың атаулары кездесетін 9 мақал-мәтел бар екені анықталды. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы сәл өзгеріске ұшырағанымен, мағынасы толық сақталған 33 жануар атауы, қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы түгелдей өзгерсе де, мағыналары жағынан ұқсайтын 11 жануар атауы және орта түркі дәуірінен бүгінгі күнге дейін жалғасын таппай, қолданыстан шығып қалған 2 жануар атауы ортаға шықты.

Тірек сөздер: түркі тілдері, мақал-мәтел, жануар, шығарма, фонетика, жазба мұра.

К. Жұмабекулы

Научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынұлы, PhD доктор
Алматы, Казахстан
e-mail: kuanysh.zhumabekov@mail.ru

СХОДСТВО ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК ГДЕ ВСТРЕЧАЮТСЯ НАЗВАНИЯ ЖИВОТНЫХ В ТЮРКСКОМ ЯЗЫКЕ ЭПОХИ КАРАХАНИДОВ И В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация: В статье выявлено, что встречаются 23 пословиц и поговорок, с названиями животных, которые имеют сходство по структуре, близки по смысловому значению, и 9 пословиц, в которых встречаются названия животных, семантически напоминающие друг друга, хотя некоторые слова в составе изменены. Вместе с тем, определены 33 названия животных, которые несмотря на то, что их фонетическая форма в современном казахском языке претерпела незначительные изменения, в настоящее время полностью сохранены; 11 названий животных, идентичных по значению, но у которых фонетическая форма в казахском языке полностью изменилась; 2 названия животных, не дошедшие с среднетюркского периода до наших дней, которые вышли из употребления.

Ключевые слова: тюркские языки, пословицы и поговорки, животные, произведение, фонетика, письменное наследие.

К. Zhumabekuly

Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, PhD
Almaty, Kazakhstan
e-mail: kuanysh.zhumabekov@mail.ru

THE SIMILARITY OF PROVERBS ABOUT ANIMALS OF THE TURKIC LANGUAGE OF THE KARAKHANID ERA AND IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

Annotation: The article reveals that there are 23 proverbs and sayings with the names of animals that are similar in structure, similar in meaning, and 9 proverbs in which there are names of animals that semantically resemble each other with a shift of some words in the composition. At the same time, 33 names of animals have been identified, which, despite the fact that their phonetic form in the modern Kazakh language has undergone minor changes, are now completely preserved; 11 names of animals that are identical in meaning, whose phonetic form in the Kazakh language has completely changed; 2 names of animals that have not survived from the Middle Turkic period to the present day, which have fallen out of use.

Keywords: Turkic languages, proverbs, animals, work, phonetics, written heritage.

Түркі тілдеріне ортақ тарихи жазба мұралар негізінен үш дәуірді қамтиды. Олар көне түркі дәуірі, орта түркі дәуірі және жаңа түркі дәуірі. Бұл мақалада орта түркі дәуіріне қарасты *Қараханид кезеңіне* жататын Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк», А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты шығармаларында және қазіргі қазақ тіліндегі 100 томдық «Бабалар сөзі» кітабының мақал-мәтелдерге қатысты 65, 66, 68, 69 томдарында кездесетін жануарлардың атаулары бар мақал мәтелдер ұқсастықтары тұрғысынан қарастырылды.

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйында» 7 мақал-мәтел бар (Демир, 2013:51). Олардың 1-і ғана жануарға қатысты. М.Қашқаридың «Диуани лұғати-ат-түрк» атты шығармасында – 271 мақал-мәтел (Үстүнер, 1989: 25). Бұл еңбектен жануарлардың атаулары кездесетін 84 мақал-мәтел табылды. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» атты шығармасында – 274 мақал-мәтел (Үстүнер, 1991: 393). 5-і болса жануарларға байланысты. *Қараханид кезеңіне* жататын шығармаларда жануарларға қатысты 90 мақал-мәтел бар. Ал, 100 томдық «Бабалар сөзі» кітабының 65, 66, 68, 69-шы томдары 21240 мақал-мәтелден тұрады. Олардың 1679-на жануарлардың атаулары кірген. Басшылыққа алынған *Қараханид кезеңіне* жататын шығармалар мен «Бабалар сөзінің» аталмыш томдарынан табылған құрылымы жағынан өте ұқсас және мәндік-семантикалық тұрғысынан жақын жануарлардың атаулары кездесетін 23 мақал мәтел төмендегідей:

Құтты білік: *Ер ат болды беглер қанаты йүгі,*

Қанатсыз қуш ұчмаз ай беглер беги.

Бабалар сөзі: *Әскер-бектің қанаты,*

Құс қанатсыз ұша алмайды.

Диуани лұғати-ат-түрк: *Авчы нече ал билсе, адхығ анча йол билир.*

Бабалар сөзі: *Аңшы қанша айла билсе, аю сонша жол біледі.*

Диуани лұғати-ат-түрк: *Алын арслан тутар, күчин сичган тутмас.*

Бабалар сөзі: *Айламен арыстан ұстар, қара күшпен тыиқан да ұстай алмас.*

Диуани лұғати-ат-түрк: *Арслан карыса сычган өтин көдхезур.*

Бабалар сөзі: *Арыстан қартайса, тыиқан інін күзетер.*

Диуани лұғати-ат-түрк: *Арслан көкресе ат адхакы тушалыр.*

Бабалар сөзі: *Арыстан ақырса, ат аяғы қалтырайды.*

Диуани лұғати-ат-түрк: *Бир тилкү терисин икиле соймас.*

Бабалар сөзі: *Бір тұлкінің терісін екі рет соймайды.*

Диуани лұгати-ат-түрк: Еудекі бузағу өкүз болмас.**Бабалар сөзі:** Үйде өскен бұзау өгіз болмас.

Диуани лұгати-ат-түрк: Ики қочғар башы бир ашачта пышмас.**Бабалар сөзі:** Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

Диуани лұгати-ат-түрк: Қалын қаз қулавузсуз болмас.**Бабалар сөзі:** Қалың басшысыз болмас.

Диуани лұгати-ат-түрк: Киши аласы ичтин, йылкы аласы таитын.**Бабалар сөзі:** Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында.

Диуани лұгати-ат-түрк: Киши сөзлешу, йылкы йыдхлашу.**Бабалар сөзі:** Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше.

Диуани лұгати-ат-түрк: Куи канатын, ер атын.**Бабалар сөзі:** Құс қанатымен, ер атымен.

Диуани лұгати-ат-түрк: Муи оглы муйаву тогар.**Бабалар сөзі:** Мысықтың баласы мияулап туады.

Диуани лұгати-ат-түрк: Теви сілкінсе ешекке йүк чыкар.**Бабалар сөзі:** Түйе сілкінсе, есекке жүк шығады.

Диуани лұгати-ат-түрк: Ит ысырмас, ат теппес теме.**Бабалар сөзі:** Ит қаппас, ат теппес деме.

Диуани лұгати-ат-түрк: Инған ынғраса боту бозлар.**Бабалар сөзі:** Инген ыңыранса, бота боздар.

Диуани лұгати-ат-түрк: Икки богра игешүр отра көкегүн йанчылар.**Бабалар сөзі:** Екі бура таласса, ортасында шыбын өледі.

Диуани лұгати-ат-түрк: Толум анутса кулун булур, толум инутса булун болур.**Бабалар сөзі:** Қару-жарақ сайланса, ат табылар, қаруын ұмытса, қапасқа түсер.

Диуани лұгати-ат-түрк: Карға казга өтгүнсе буты сынур.**Бабалар сөзі:** Қарға қазға ұқсаса, аяғы сынады.

Диуани лұгати-ат-түрк: Каз копса өрдек көліг ігенур.**Бабалар сөзі:** Қаз кетсе, үйрек көлді иеленер.

Диуани лұгати-ат-түрк: Еркеч ети ем болур ечкү ети йел болур.**Бабалар сөзі:** Теке еті ем болар, ешкі еті жел болар.

Диуани лұгати-ат-түрк: Теуеу мүнүп кой ара йашмас.**Бабалар сөзі:** Түйеге мініп қой ішінде жасырынбас болар.

Ақиқат сыйы: Асел айда ерсе биле арысы, ары зехри татғу аселдин оза.**Бабалар сөзі:** Бал қайда болса, ара сонда.

Құрамындағы кейбір сөздері ауысқанымен, бір-біріне мағыналық жағынан ұқсайтын жануарлардың атаулары кездесетін 9 мақал-мәтел төмендегідей:

Диуани лұғати-ат-түрк: Болдачы бузағу өкүз ара белгүлүг.

Бабалар сөзі: Болатын бұзау бұзауынан белгілі.

Диуани лұғати-ат-түрк: Бөрі кошынысын йемес.

Бабалар сөзі: Қасқыр да қастық қылмас жолдасына.

Диуани лұғати-ат-түрк: Калын колан чубгасыз болмас.

Бабалар сөзі: Қалың қаз басшысыз болмас.

Диуани лұғати-ат-түрк: Агылда оглак тогса арыкда оты өнер.

Бабалар сөзі: Қорада лақ тұса, қырда шөп өседі.

Диуани лұғати-ат-түрк: Ары кафчытса ысрур.

Бабалар сөзі: Ара тисең шағады.

Диуани лұғати-ат-түрк: Кары өкүз балдука коркмаз.

Бабалар сөзі: Өлетін өгіз балтадан тайынбас.

Диуани лұғати-ат-түрк: Коркмыи кишиге кой башы кош көрүнүр.

Бабалар сөзі: Қорыққанға қос көрінер.

Диуани лұғати-ат-түрк: Өлдечи сычган муи ташакы кашыр.

Бабалар сөзі: Өлейін деген тышқан мысықтың құйрығымен ойнайды.

Диуани лұғати-ат-түрк: Йазыда бөрі улыса еуде ит бағры тартышыр.

Бабалар сөзі: Үйде сиыр мөңіресе, тауда бұғының мүйізі сырқырайды.

Басшылыққа алынған Қараханид кезеңіне жататын шығармалардан 46, «Бабалар сөзінен» 113 жануар атауы анықталды. Қараханид дәуірінен бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқан 33 жануар атауының қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы сәл өзгеріске ұшырағанымен, мағынасы толық сақталған.

Қараханид дәуіріндегі түркі тілі – Қазақ тілі

Ары – Ара

Арслан – Арыстан

Атан – Атан

Ат – Ат

Балык – Балық

Богра – Бура

Бөри – Бөрі

Бука – Бұқа

Бузағу – Бұзау

Ечкү – Ешкі

Ит – Ит

Кыргуй – Қырғи

Кысрак – Қысырақ (бие)

Карга – Қарға

Каз – Қаз

Кейік – Киік

Кочнгар – Қошқар

Кой – Қой

Кулун – Құлын

Куи – Құс

Кузгун – Құзғын

Оглак – Лақ

Өкүз – Өгіз

Сағзыған – Сауысқан
 Сычған – Тышқан
 Сирке – Сірке
 Соңқур – Сұңқар
 Тай – Тай
 Теуи – Түйе
 Тұлқу – Түлкі
 Йылан – Жылан
 Йылқы – Жылқы
 Инған – Инген

Қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы түгелдей өзгеріске ұшыраған, алайда, мағыналары жағынан ұқсас келген 11 жануар атауы анықталды.

Қараханид дәуіріндегі түркі тілі – Қазақ тілі

Адхыг – Аю
 Сингек – Шыбын
 Еркеч – Серке
 Колан – Есек
 Көкегүн – Көк шыбын
 Такағу – Тауық
 Тайған – Тазы
 Муш – Мысық
 Сүүлін – Қырғауыл
 Удх – Сыйр
 Ус – Жапалақ

Қараханид кезеңінен бүгінгі күнге дейін жалғасын таппай, қолданыстан шығып қалған жануарлар атаулары төмендегідей:

Қараханид дәуіріндегі түркі тілі

Ыкылач – Жүйрік ат
 Йунд – Жылқы атауы

Қорыта келгенде, құрылымы жағынан өте ұқсас, мәндік-семантикалық тұрғысынан жақын жануарлардың атаулары кездесетін 23 мақал-мәтел және құрамындағы кейбір сөздері ауысқанымен бір-біріне мағыналық жағынан ұқсайтын жануарлардың атаулары кездесетін 9 мақал-мәтел бар екені анықталды. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы сәл өзгеріске ұшырағанымен, мағынасы толық сақталған 33 жануар атауы, қазақ тіліндегі фонетикалық тұлғасы түгелдей өзгерсе де, мағыналары жағынан ұқсайтын 11 жануар атауы және орта түркі дәуірінен бүгінгі күнге дейін жалғасын таппай, қолданыстан шығып қалған 2 жануар атауы ортаға шықты.

Ата-бабаларымыздан келе жатқан өңешпес мұра болып саналатын мақал-мәтелдердің қазақ халқы тарихында ерекше орны бар. Қанша ғасыр өтсе де, өзіндік сипатын жоғалтпаған мақал-мәтелдерді жоғарыда келтірілген мысалдардан да байқауға болады. Бұл мақал-мәтелдердің тарихының тереңнен бастау алатындығының айқын көрінісі. Мақал-мәтелдер жайлы ф.ғ.д., профессор Жұмат Тілепов былай дейді: «... қарапайым халық өзінің ата-бабасы пайдаланып келген ежелгі мақал-мәтелдерден безінген емес. Соның арқасында көне ұғым, көнерген сөздерден құралатын ежелгі мақалдардың өзі ұрпақтан ұрпаққа берілу арқылы біздің заманымызға жетті. Мұның айқын көрінісі бұдан мың жылдай бұрын хатқа түскен «Кодекс куманикус», «Диуани лұғати-ат-түрк» атты шығармаларда кездесетін, одан кейінгі замандарда өмірге келген сандаған мақал-мәтелдер қазіргі кезде де мольна пайдаланылып келеді. Ал, бұл сөз жоқ, ұлттық сана, ұлттық менталитеттің қалай болғанда да тез деформацияға ұшырамайтындығын көрсетеді». Ұлттық мұраларымызды зерттеп, оларды халыққа насихаттау – перзенттік борышымыз. Себебі, әр ұлт өз тарихымен, әдебиетімен және мәдениетімен құнды. Қазақтың қасиетті әрі қасіретті тарихын қазбалап, келешек ұрпақтың бойына сіңіру ата-бабаларымыздың алдындағы жауапкершілігіміз саналады. Ұлт ретіндегі тұтастығымыз мәңгілік жасай берсін!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Demir, E., Atabetü'l-Hakayık'ta Geçen Deyimler, Atasözleri ve Özdeyişler. Türkiyat Mecmuası, 2013 – 51.
- [2] Üstüner, A., Kutadgu Bilig'de Atasözleri. Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 5 (1), 1991– 393.
- [3] Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері, 66-том, «Фолиант» баспасы, – Астана, 2010. – 310 б.
- [4] Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері, 66-том, «Фолиант» баспасы, – Астана, 2010. – 256 б.
- [5] Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері, 68-том, «Фолиант» баспасы, – Астана, 2011 – 380 б.
- [6] Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері, 69-том, «Фолиант» баспасы, – Астана, 2011 – 478 б.

REFERENCES

- [1] Demir, E., Atabetü'l-Hakayık'ta Geçen Deyimler, Atasözleri ve Özdeyişler. Türkiyat Mecmuası, 2013 – 51.
- [2] Üstüner, A., Kutadgu Bilig'de Atasözleri. Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 5 (1), 1991– 393.
- [3] The Word of ancestors. Kazakh proverbs and sayings, volume 66, Folio publishing house, Astana, 2010. – 310 P.
- [4] The Word of ancestors. Kazakh proverbs and sayings, volume 66, Folio publishing house, Astana, 2010. – 256 P.
- [5] The Word of ancestors. Kazakh proverbs and sayings, volume 68, folio publishing house, Astana, 2011 – 380 P.
- [6] The Word of ancestors. Kazakh proverbs and sayings, volume 69, Folio publishing house, Astana, 2011 – 478 P.